

**Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызының**  
**«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия**  
**докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**  
**«Медиадискурс ерекшеліктері: лингвомәдени аспект (қазақ және**  
**ағылшын медиа материалдары негізінде)» диссертациясының**  
**АНДАТПАСЫ**

**Диссертация тақырыбының сипаттамасы.** XX ғасырдың соңындағы лингвистикалық зерттеулер антропоэлекті парадигмаға бет бұрумен ерекшеленеді, бұл өз кезегінде табиғи тіл элементтерінің барлық мағыналары «ингерентті түрде субъективті, антропо- және этноорталық» деген пікірдің кеңінен таралуына ықпал етті және лингвистикалық мәселелерді адам факторын талдауға бағыттады. Адам өз халқының мәдениетін тіл арқылы танитындықтан, тілден тыс өмір сүре алмайды, сол себепті антропоэлекті парадигманың қалыптасуы тіл мен мәдениеттің өзара диалогы мен өзара ықпалдастығын зерттейтін лингвомәдениеттану саласының дамуына жол ашты. Тіл ақпаратты жинақтап, тасымалдаушы бола отырып, мәдениеттің айнасы ретінде қызмет атқарады, онда адамды қоршаған шынайы әлем ғана емес, сондай-ақ халықтың менталитеті, ұлттық сипаты, дәстүрі, әдет-ғұрпы, адамгершілік, құндылықтар жүйесі, дүниенің бейнесі көрініс табады. Ұлттық-мәдени ерекшелік тілдің барлық деңгейлеріне тән, алайда ол әсіресе афоризмдер арқылы айқын байқалады, өйткені олардың ішкі формасы белгілі бір этностың дүниетанымын сақтайды және көрсетеді.

Қазіргі медиадискурс – бұл бұқаралық ақпарат құралдары аясында жүзеге асатын тіл мен өзге де таңбалық жүйелердің (визуалды образдарды қоса алғанда) күрделі өзара әрекеті. Ол тек ақпарат жеткізуді ғана емес, сонымен қатар қоғамда мағынаны құрастыруды да қамтамасыз етіп, аудиторияның қабылдауына ықпал етеді. Ерекше орын алатын саяси медиадискурс – бұл қоғамдық-саяси саладағы коммуникативтік әрекет, мұнда тіл билік пен ықпал ету құралы ретінде қолданылады. Кең мағынасында саяси дискурс деп мазмұны саясат саласына жататын кез келген сөздік құрылымдарды түсінеміз. Мемлекет басшыларының бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын көпшілік алдында сөйлеген сөздері саяси медиадискурстың өзегіне жатады. Мұндай сөздер ақпараттық қызмет атқарып қана қоймай, билік үшін күресті, идеологиялық сенімдерді және қоғамдық пікірді қалыптастыруды да бейнелейді. Осы сөздердің медиалық табиғаты (олардың теледидар, интернет, баспасөз арқылы таралуы) олардың ықпалын күшейтеді, өйткені медиа нақты бір әлем бейнесін құрастыру үшін тілдік құралдар мен образдарды белсенді пайдаланады.

**Зерттеудің өзектілігі** бірнеше факторларға байланысты. Біріншіден, жаһандану мен мәдениетаралық байланыстардың кеңеюі жағдайында ұлттық ақпарат кеңістіктерінің арасындағы шекара біртіндеп жойылып жатыр. Саяси көшбасшылар тек ішкі аудиторияға ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастыққа да жиі үндеу жасайды, ал олардың сөздері бірден халықаралық медиадискурстың игілігіне айналады. Әрбір ұлттық мәдениет көшбасшылардың риторикасына

өзіндік ізін қалдырады: әртүрлі лингвомәдениеттерге тән құндылықтар, тарихи бағдарлар мен тілдік нормалар олардың сөздерінен көрініс табады. Сондықтан қазақ және ағылшын тілдеріндегі көпшілік алдында сөйленген саяси сөздердің материалында медиадискурсты лингвомәдениеттану тұрғысынан салғастырмалы түрде зерттеу өзекті әрі ғылыми тұрғыдан маңызды болып саналады. Екіншіден, осы уақытқа дейін қазақ және ағылшын тілді саяси медиадискурсқа тікелей арналған кешенді салғастырмалы жұмыстар іс жүзінде жүргізілмеген. Қазақстан саясаткерлерінің сөздері лингвомәдениеттану тұрғысынан, әсіресе батыс көшбасшыларының сөздерімен салыстырғанда, аз зерттелген. Ал тілді және мәдениетті арқау ете отырып, мұндай сөздерді талдау әрбір лингвомәдени дәстүрдің өзіндік ерекшеліктерін және саяси коммуникацияның жалпы заңдылықтарын ашуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, саяси риториканың әмбебап тәсілдері (сендіру, манипуляция, құндылықтарға жүгіну) әртүрлі мәдениеттерде қандай тілдік құралдар арқылы жүзеге асырылатыны туралы мәселе ерекше қызығушылық тудырады. Ұлттық-мәдени концептілерге, фразеологияға және бейвербалды сөйлеу компоненттеріне басымдық беретін зерттеу қазіргі лингвистиканың маңызды талабына – тіл, мәдениет және саяси коммуникация байланысын медиалық ортада терең зерттеуге жауап береді.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі медиадискурсты тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесу кеңістігі ретінде теориялық тұрғыдан түсінудің қажеттілігімен, сондай-ақ оның нәтижелерінің мәдениетаралық коммуникация мен медиапрактика үшін практикалық маңыздылығымен айқындалады. Бұл жұмыс қазақ және ағылшын саяси медиадискурсын салғастырмалы зерттеудегі бар олқылықтың орнын толтырады және медиалық сөздің лингвомәдениеттануын дамытуға үлес қосады.

**Зерттеудің мақсаты** – қазақ және ағылшын тілдеріндегі қоғамдық-саяси саладағы медиадискурстың лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау және талдау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай **міндеттер** қойылады:

1. Медиадискурс пен лингвомәдениеттанудың теориялық негіздерін сипаттау;
2. Саяси лидерлердің сөздері негізінде қазақ және ағылшын медиадискурсының лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау;
3. Қазақстан мен АҚШ саясаткерлерінің сөздерінде көрініс табатын құндылық-мағыналық доминанталарды бейнелейтін ұлттық-мәдени концептілерді айқындау;
4. Осы медиадискурстың лингвомәдени ерекшеліктерін қалыптастырудағы фразеологиялық бірліктердің (тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, идиомалар) рөлін талдау;
5. Мәдениетаралық қырынан шешендер қолданатын манипуляциялық және риторикалық стратегиялардың қабылдану ерекшелігін анықтау мақсатында эксперимент жүргізу нәтижесінде корпусстық сандық талдауды жүргізу.

**Зерттеу нысаны** – көпшілік-саяси жанрдағы медиадискурс. Зерттеу аясында ең жоғарғы лауазымды тұлғалардың қызметіне қатысты

институционалдық дискурстың арнайы формасы саналатын, БАҚ арқылы таратылатын ресми көпшілік сөздер талданады.

**Зерттеу пәні** – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен АҚШ-тың 45-ші Президенті Дональд Трамптың көпшілік алдында сөйлеген сөздеріндегі медиадискурстың лингвомәдени ерекшеліктері. Яғни, зерттеу осы саяси көшбасшылар сөздерінде тілдік құралдар мен дискурстық практикалар арқылы ұлттық-мәдени құндылықтар мен прагматикалық ұстанымдардың қалай көрініс табатынын анықтауға бағытталған.

**Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізін** лингвомәдениеттану, медиалингвистика және саяси дискурс салалары бойынша еңбектер, сондай-ақ дискурс теориясына қатысты жалпы еңбектер құрайды. Негізгі ұстаным – заманауи лингвистиканың антропоцентристік бағыты, оған сәйкес тіл адаммен және мәдениетпен өзара байланыста қарастырылады. В.И. Карасик атап өткендей, лингвомәдениеттану – «тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен өзара ықпалын зерттейтін кешенді ғылыми білім саласы». Бұл тәсіл тілді және мәдени құндылықтардың өзара әрекетін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді: И.А. Бондарчук, В.И. Карасик, В.В. Красных, Ю.С. Степанов, Е.И. Шейгал және т.б. Лингвомәдениеттану теориясында «концепт» ұғымына ерекше назар аударылады, ол – тілдік тұрғыда көрініс табатын сананың мәдени өлшеміндегі негізгі бірлік. Ғылымда концепт «белгілі бір мәдениеттің өзіндік ерекшелігін бекітетін ұжымдық ментальдық құрылым» не «вербалданған мәдени мағына» деп түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, концептілер – бұл әрбір мәдениет үшін маңызды мағыналарды біріктіретін бірліктер және олар сөздер мен тұрақты тіркестер арқылы көрініс табады. Осы зерттеуде Қазақстан мен АҚШ саясаткерлерінің сөздерін талдау барысында ұлттық-мәдени концепт ұғымы басты назарға алынады.

Жұмыстың тағы бір теориялық бөлігі медиалингвистикаға қатысты: бұл БАҚ тілін зерттейтін бағыт (Т.Г. Добросклонская, И.В. Анненкова және т.б.). Медиалингвистикада сыни дискурс-талдау идеялары маңызды орынға ие, олар медиа тілі әлеуметтік-саяси шындықты қалай қалыптастыратынын көрсетеді (Н. Фейрклоу, Р. Водак, Р. Фаулер және т.б.). Мысалы, Р. Фаулер жаңалықтар тілінің бейтарап емес екендігін, қоғамның идеологиялық ұстанымдарын бейнелейтінін, «әлеуметтік және саяси әлемнің өнімі» екенін атап көрсеткен.

Саяси медиадискурс сонымен қатар саяси лингвистика тұрғысынан да қарастырылады: Е.И. Шейгалдың саяси дискурс семиотикасы жөніндегі еңбектері, А.П. Чудиновтың саяси сөздегі метафоралар туралы жұмыстары, Т.А. ван Дейктің идеологияларды дискурстық қайта өндіру туралы еңбектері, М. Фаулер мен Н. Фейрклоудың медиамәтіндердегі билік пен тіл мәселелері бойынша жұмыстары – мұның бәрі саясат тілін БАҚ-та зерттеудің әдіснамалық негізін қалады. Т.А. ван Дейк және оның ізбасарларының тұжырымдамаларына сәйкес, медиадағы саяси дискурс – аудиторияның санасына билік пен бақылау орнатуға бағытталған әлеуметтік әрекеттің ажырамас бөлігі.

Әдістемелік тұрғыдан зерттеу салыстырмалы дискурс-талдау және лингвомәдениеттану талдауы қағидаттарына сүйенеді. Интердискурсивтілік идеясы да ескеріледі (В.И. Карасик, М. Бахтин) – бір мәтіннің өзінде бірнеше дискурстың (саяси, медиалық, мәдени) өзара байланысын қарастырады. Фразеология теориясының (Н.Ф. Алефиренко) қағидалары тұрақты тіркестердің мәдени коннотация тасымалдаушы ретіндегі рөлін түсіндіру үшін қолданылады. Визуалды-коммуникативтік компоненттерді талдау барысында мультимодальді коммуникация теориясының (Г. Кресс, Т. ван Лиуэн) қағидалары қолданылады, мұнда вербалды кодтан бөлек ым-ишаралар, бет-әлпет, символика және сөйлеудің визуалды мәнмәтіні маңызды рөл атқарады. Осылайша, теориялық-әдістемелік негіз қазақстандық (А.О. Мукашева және т.б.), ресейлік (В.И. Карасик, Е.И. Шейгал, В.З. Демьянков және т.б.) және шетелдік (Т. Ван Дейк, Н. Фэрклоу және т.б.) және т.б.) ғалымдардың еңбектеріндегі жетістіктерді біріктіре отырып, саяси медиадискурсты кешенді зерттеуге жағдай жасайды.

**Зерттеу дереккөздері.** Зерттеудің эмпирикалық негізіне көпшілік алдында айтылған сөздердің корпусы (барлығы 100 мәтін) алынды – соның ішінде Қ. Тоқаевтың 2020-2025 жылдардағы 50 сөзі мен Д. Трамптың 2020-2025 жылдарғы 50 сөзі. Материалдарды таңдау осы саясаткерлердің жоғары лауазымда болған кезеңіндегі ресми стенограммалар мен жазбалардан жүргізілді. Қ.Тоқаевтың сөздері Қазақстан халқына арналған жолдаулардан, халықаралық форумдардағы баяндамалардан және қазақ тіліндегі өзге де қоғамдық-саяси мәлімдемелерден (кей жағдайларда орыс тіліне параллель аудармасымен) құралған. Д.Трамптың сөздері оның сайлауалды митингілердегі, инаугурациялық сөздердегі, Конгреске жолдаулардағы, халықаралық аренада айтқан мәлімдемелеріндегі және т.б. баяндамалардан жиналды. Мұндай көздерді іріктеу жанр (ресми көпшілік сөз) мен тақырып (ішкі және сыртқы саясат, ұлттық даму, қауіпсіздік, құндылықтар) тұрғысынан салыстырымдылықты қамтамасыз етеді. Корпустың жалпы көлемі бірнеше жүз мың сөзге жетеді, бұл әрбір кіші корпуста (қазақ тіліндегі және ағылшын тіліндегі) жиі қолданылатын лексика, фразеология және басты концептілерді сенімді түрде анықтауға жеткілікті мөлшер болып табылады. Бұл сөздер транскрипцияланып, жазбаша талдауға бейімделді.

Сауалнама алу үшін ашық дереккөздерден алынған видеоматериалдар пайдаланылды. Олардың бірі - АҚШ-тың 45-ші Президенті Дональд Трамптың 2020 жылғы 11 наурызда Овальді кабинеттен COVID-19 пандемиясына арналған жолдауы. Ал екіншісі - Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 8 шілде күні тікелей эфирде Қазақстан халқына арнаған үндеуі.

**Зерттеу әдістері.** Белгіленген міндеттерді шешу үшін сандық және сапалық талдауды ұштастыратын әдістер жиынтығы қолданылды:

1. Корпустық талдау, мұнда сөздердің жиілігі, негізгі сөздер, мәтіндерге салыстырмалы статистикалық талдау жүргізіліп, әрбір кіші корпуста (қазақтілді және ағылшынтілді) қандай лексика, фразеологизмдер

және маңызды концептілер тән екені анықталды. Мұндай әдіс зерттеудің объективтілігі мен репрезентативтілігін қамтамасыз етеді.

2. Лингвомәдениеттану талдауы, ол анықталған тілдік бірліктерді мәдени таңбалану тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік берді. Сөздер мен сөз тіркестері мазмұнында сақталған тарихи оқиғаларға, шынайы құбылыстарға, құндылықтарға сілтемелер талданды. Қазақ және америкалық саяси санаға тән негізгі концептілер (мысалы, Қ.Тоқаев сөздеріндегі «бірлік», «тәуелсіздік», «даму»; Д.Трамп сөздеріндегі «бостандық», «ұлылық», «қауіпсіздік») анықталды. Әрбір маңызды концептіге талдау жасау арқылы екі лингвомәдениеттің концептуалдық картинасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар зерттелді.

3. Семантикалық талдау, мұнда ораторлар пайдаланатын фразеологизмдер, метафоралар, эпитеттер, эвфемизмдер сияқты жеке тілдік бірліктердің мәні мен қызметі қарастырылды. Тұрақты тіркестердің құрамдас бөліктерін талдау олардың қандай мәдени мағыналарды өзекке алып, қайта жаңғыртатынын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге семантиканың прагматикалық қыры (импликациялар, бағалауыштық элементтер) да ескеріліп, сөйлеуге манипуляциялық функция беретін жасырын жақтары зерделенді.

4. Сандық, квази-эксперименттік талдау. Екі параллель топ (қазақ-және ағылшынша сөйлейтін аудитория) қалыптастырылды; әрқайсысында  $n = 50$  респондент. Іріктеу мақсатты және «қарлы кесек» тәсілдері арқылы университеттік таратылымдар мен әлеуметтік желілерде жүргізілді. Кіріс критерийлері:  $\geq 18$  жас, саяси партия мүшесі болмау, ақпараттандырып келісімін алу.

Сонымен қатар, түсіндірмелік және салыстырмалы әдістер пайдаланылды: жоғарыда аталған әрбір әдіс бойынша алынған нәтижелер екі корпус (қазақ және ағылшын) арасында салыстырылып, контрастивтік сипаттамалар айқындалды. Жалпы алғанда, зерттеу әдістемесі кешенді әрі пәнаралық сипатқа ие, бұл медиадискурстың тіл, мәдениет және саясат тоғысындағы күрделілігіне сай келеді.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Мемлекет басшыларының БАҚ арқылы таратылатын көпшілік сөздері тәуелсіз сипатқа ие институционалдық дискурс жанры болып табылады, оған тән белгілер бар. Қазақ және ағылшын тілді саяси медиадискурс ақпарат ұсыну, сендіру, биліктің заңдылығын нығайту сынды ортақ коммуникативтік мақсаттарға ие болғанымен, әрбір елдің тарихи-мәдени мәнмәтініне байланысты өзіндік лингвомәдени ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл дискурс ресми-іскери стиль мен шешендік өнердің белгілерін біріктіріп, мақсатты түрде жалпыға ортақ аудиторияға бағытталған құрылым мен риториканы пайдаланады.

2. Қ. Тоқаев пен Д. Трамп сөздеріндегі мәдени құндылықтар мен идеологиялық ұстанымдардың тілдік қалыптасу ерекшеліктері айқындалды. Қазақтың қоғамдық-саяси дискурсына (Қ. Тоқаев сөздерінде) бірлік, ұлтаралық келісім, дәстүр сабақтастығы сияқты ұжымдық құндылықтарға

жүгіну тән; мұнда дипломатиялық және құрметтілік мәнін ашатын позитивті коннотациялы лексика кеңінен қолданылады. Ал ағылшын (америкалық) дискурсы (Д. Трамп сөздерінде), керісінше, еркіндік, жеке жетістік, «америкалық арман» сияқты даралық идеалдар мен ашық, кейде қақтығысты коммуникация стиліне басымдық беруімен ерекшеленеді. Осылайша, әрбір дискурс ұлттық менталитетті көрсетеді: оның шеңберінде сәйкес лингвомәдениетке тән басты құндылықтар тілдік құралдар арқылы беріледі.

3. Зерттеу нәтижесінде екі саясаткердің көпшілік сөздеріндегі бірегей, бірақ өзіндік ерекшелігі бар негізгі концептілер жиынтығы анықталды. Қазақ дискурсында «Ел бірлігі», «Тәуелсіздік», «Даму» концептілері орталық орынды иеленеді; олар тарихи жадты (мемлекет егемендігін алғаннан кейінгі тәуелсіздік пен егемендік идеялары) және қоғамның ортақ мүддеге негізделуін меңзейді. Америкалық дискурс Д. Трамптың сөздерінде «Freedom» (бостандық), «Greatness» (ұлылық, әсіресе «Make America Great Again» (Американы қайта ұлы етейік) ұраны, «Security» (қауіпсіздік) және «Prosperity» (өркендеу) сияқты концептілермен сипатталады, олар елдің ерекше орны мен жетістігі идеясын қалыптастырады және америкалық мәдениеттің прагматикалық, патриоттық қырын көрсетеді. Кейбір универсалды ұғымдар (мысалы, прогресс, қауіпсіздік) екі саясаткерде де кездескенімен, олардың мазмұны мен екпіні әрбір елдің ұлттық-мәдени мәнмәтініне сәйкес түрліше көрініс береді.

4. Фразеологизмдер мен паремиология саяси сөздерде лингвомәдени ерекшелікті, эмоционалды-экспрессивті әсерді жеткізудің маңызды құралы екені айқындалды. Қ. Тоқаевтың сөздерінде қазақтың мақал-мәтелдері мен нақыл сөздері (кейде орыс тіліндегі баламалары) жиі ұшырасады, олар баяндамаларға халық даналығының және мәдени дәстүрдің беделін қосып, ұлттық аудитория үшін түсінікті мағыналармен толықтырады. Мысалы, «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» т.с.с. Д. Трамп сөздерінде күнделікті мәдениет пен көпшілік санамен байланысты америкалық идиомалар мен қанатты сөздер (мысалы, «drain the swamp» (батпақты құрғату), «the American dream» (Америкалық арман), «make our country great» (елімізді ұлы етейік)) жиі кездеседі, олар популистік риторикаға тән белгілерді нақты көрсетіп, көпшілікке жақсы есте қаларлықтай әсер қалдырады. Салыстыру көрсеткендей, қазақ дискурсы биік стиль мен мақал-мәтелдерге көбірек жақын болса, америкалық дискурс ауызекі идиомалар мен ұрандарға бейім. Екі жағдайда да фразеологиялық бірліктер аудиторияның эмоционалды қалпын күшейтуге және басты концептілерді әсерлі сөз орамдары арқылы бекітуге қызмет етеді.

5. Талдау көрсеткендей, Қ.Тоқаев та, Д.Трамп та аудиторияға әсер ететін бірқатар тілдік тәсілдерді қолданады, алайда мұны әрқайсысы әртүрлі мәдени-риторикалық дәстүрлерге сәйкес жүзеге асырады. Қазақ саяси дискурсында көбіне бірлікті насихаттау стратегиялары: ортақ жетістіктерді атап көрсету, ұжымдық жауапкершілікті білдіру, «біз», «біздің халық» сияқты инклюзивті лексиканы қолдану, сондай-ақ өткір мәселелерді талқылауда эвфемизмдер арқылы негативті тұсты жұмсарту тәсілдері басым. Мұның бәрі

дипломатиялық және сыйластық сипат беру арқылы қазақ мәдениетінде құндылыққа ие қадірлеу мен келісімді аңғартады. Д.Трампың сөзінде агрессиялы тіл белгілеріне дейін жететін тікелей сендіру стратегиялары жиірек байқалады: «өзіміздікі» мен «басқалар» (“we vs. they”) деп жиі қарама-қарсы қою, кей тақырыптарды әдейі шиеленістіру, қарама-қарсылықты үлкейту үшін гипербола мен қарапайым дихотомия қолдану. Бұл америкалық популистік дискурста тән әдіс, өйткені ол аудиторияның эмоциясына (мақтаныш, ашу, қорқыныш) арқа сүйей отырып, оларды белсенді көзқарас ұстануға үндейді. Соған қарамастан, екі лидер де санаға манипуляция жасаудың кейбір ортақ тәсілдерін қолданады: басты тезистерді қайта-қайта атап (рефрен), риторикалық сұрақтар қою, беделді тұлғаларға немесе дәстүрлерге сілтеме жасау, ойларын мысалмен жеткізу үшін қысқаша әңгіме айту. Нәтижесінде, манипуляциялық тәсіл екі мәдениет медиадискурсында да бар екені анықталды, тек оның тілдік көрінісі ұлттық сөз нормаларына байланысты – байсалды аргументациядан бастап ашық шақыруға дейінгі түрде көрінеді.

6. Көпшілік сөздердің визуалды тұсын талдау саяси медиадискурста вербалдық хабарды толықтыратын және күшейтетін бейвербалды элементтердің (дене қимылы, атрибуттар, рәміздер) өте маңызды рөл ойнайтынын көрсетті. Қ. Тоқаевтың сөйлесу мәнері ұстамдылық және сыйластық сипатымен ерекшеленеді: ым-ишараттың аздығы, сабырлы дауыс ырғағы, ұлттық элементтері (мысалы, елтаңбасы бар белгі) бар ресми іскерлік киім. Мұндай ұстамдылық қазақтың коммуникативті мәдениетіне сай келеді, онда ұстамдылық пен аудиторияны құрметтеу жоғары бағаланады; ол көшбасшының рационалды және біріктіруші бейнесін нығайтады. Ал Д. Трамп, керісінше, ерекше экспрессивті стилімен танымал: қолын белсенді сермеу (сұқ саусақты шошайту, қолды кең сермеу), бет қимылының айқындығы, дауыс ырғағын құбылту. Ол, көбінесе, жарқын безендірулер (ту, “Keep America Great” сияқты ұрандар жазылған плакаттар) аясында сөз сөйлейді және сол арқылы өз сөздерін визуалды символикамен нығайтады. Бұл спектакльге ұқсас әсер береді және халыққа жақындық сезімін қалыптастырады, өйткені америкалық саяси мәдениетте көшбасшының харизмасы мен шоулық сипаты жоғары бағаланады. Маңызды тұс – екі жағдайда да ұлттық құндылықтар туралы сөздер тиісті рәміздерді көрсетумен қатар жүреді. Осылайша, визуалды коммуникация арнасы вербалдық хабармен үндесіп, эмоционалды әсерді күшейтеді. Медиадискурстың мультимодалді сипаты туралы қорытынды расталып отыр: тек «не айтылғаны» емес, «қалай айтылғаны» да маңызды. Бейвербалды құралдар саясаткердің бейнесін қалыптастыруға және негізгі идеяларды жеткізуге үлес қосатын бірыңғай дискурстық кеңістіктің бөлшегі бола түседі.

#### **Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.**

Зерттеу өзінің басты мақсатына сәйкес қазақ және ағылшын тілді саяси медиадискурсты жан-жақты салғастыра отырып, мемлекеттік көшбасшылардың (Қасым-Жомарт Тоқаев пен Дональд Трамп) көпшілік

сөздерінде көрініс табатын лингвомәдени, дискурстық және мультимодальді ерекшеліктерді анықтады.

Мемлекет басшыларының БАҚ арқылы таралатын сөздері ресми-іскери стиль мен шешендік өнерді тоғыстыратын ерекше институционалдық дискурс ретінде айқындалды. Бұл жанр ақпарат беру, аудиторияны сендіру және билік легитимділігін нығайту сияқты ортақ коммуникативтік мақсаттарға негізделгенімен, әр елдің тарихи-мәдени мәтмәтіні оны өзіндік риторикалық құрылымдармен байытады.

Қ.Тоқаев сөздерінде ұжымдық мүддені біріктіретін «бірлік», «ұлтаралық келісім», «дәстүр сабақтастығы» ұғымдары дипломатиялық лексика арқылы көрінсе, Д. Трамп риторикасында «еркіндік», «жеке жетістік», «америкалық арман» секілді даралық идеалдар ашық, жанжалдық стильмен астасады. Бұл тілдік айырмашылықтар әр халықтың мәдени менталитетін тіл арқылы бейнелейді.

Қазақ дискурсында «Ел бірлігі», «Тәуелсіздік», «Даму» концептілері, америкалық дискурста «Freedom», «Greatness», «Security», «Prosperity» концептілері ядроға айналды. Әмбебап ұғымдар (қауіпсіздік, прогресс) екі дискурста да бар, бірақ семантикалық екпіні мен идеологиялық жүгінімі ұлттық мәніне тәуелді түрде түрленеді.

Екі көшбасшы да эмоционалдық-экспрессивтік әсерді күшейту үшін фразеологиялық бірліктерді белсенді пайдаланады. Қ.Тоқаев баяндауларында қазақ мақал-мәтелдері арқылы мәдени мұра беделі мен аудиторияға жақындық орнайды. Ал Д. Трамп сөздерінде күнделікті идиомалар мен ұрандар популистік әсер беріп, есте қалатын риторикалық өрнек жасайды.

Зерттеу екі дискурста да санаға ықпал ететін ортақ тәсілдер (рефрен, риторикалық сұрақ, беделге сілтеме) қолданылатынын көрсетті. Дегенмен, қазақ дискурсындағы стратегиялар консенсус пен келісімді жұмсақ ұсынуға икемді болса, америкалық дискурс қарсы қою, гипербола және «өзіміз-басқалар» дихотомиясына сүйенген өткір сендіру тәсілдерімен ерекшеленеді.

Вербалдық хабарды толықтырушы визуалдық элементтер көшбасшы бейнесін күшейтеді. Қ.Тоқаев ұстамды қимыл-ишара, ресми киім және ұлттық эмблемалар арқылы рационал-біріктіруші имидж жасайды. Д. Трамп қимылдың экспрессиясы мен символикалық декорацияны (ұлттық тулар, ұран жазбалары) қолданып, харизмалық-шоу сипаттағы әсер қалыптастырады.

**Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі.** Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақ және ағылшын тілдеріндегі көпшілік-саяси сөздердің медиадискурсы лингвомәдениеттану тұрғысынан тұңғыш рет жүйелі түрде салғастырылуында жатыр. Зерттеуде бұған дейін салыстырмалы тұрғыда аз қарастырылған қазіргі қазақстандық саяси дискурстың көрінісі ретінде Қ.Тоқаевтың сөздері ғылыми айналымға алғаш рет кең көлемде енгізілді. Қазақ және англо-америкалық мәдениеттерде басты ұлттық-мәдени концептілердің вербалдану ерекшеліктеріне қатысты жаңа мәліметтер алынды. Қазақстан Президентінің ресми сөздерінде (ағылшынтілді баяндамалармен салыстырғанда) қолданылатын қазақ паремиялары, мақал-мәтелдері мен басқа да фразеологизмдер жүйесіне алғаш рет терең талдау

жасалды, бұл ұлттық шешендік дәстүрдің өзіндік қасиеттерін ашуға мүмкіндік берді. Тағы бір жаңалық – мультимодальді тәсілдің қолданылуы: осыған дейін бұл екі мәдениетке қатысты визуалды-коммуникативтік (вербалдық емес мінез-құлық, мемлекеттік рәміздерді қолдану, сөзді рәсімдеу) салғастырмалы зерттеулер сирек жүргізілген. Корпустық сандық талдау мен терең сапалық лингвомәдениеттану талдауының бірігуі екі ел көшбасшыларының коммуникативтік стратегияларындағы нәзік ерекшеліктер мен ұқсастықтарды айқындауға мүмкіндік берді. Осылайша, диссертациялық зерттеу медиадискурс теориясын жаңа эмпирикалық материалдармен байытып, саяси коммуникацияның ұлттық-мәдени сипатына қатысты тың қорытындылар ұсынады.

### **Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы**

**Теориялық маңыздылығы.** Диссертациялық зерттеу нәтижелері саяси дискурс пен медиалингвистиканың теориялық базасын қазақ-ағылшын лингвомәдени ерекшеліктері туралы жаңа мәліметтермен толықтыра отырып, әрі қарай дамытуға септігін тигізеді. Қалыптасқан қағидалар мен қорытындылар саяси тілде ұлттық-мәдени мәндердің қалай көрініс табатынын және БАҚ көпшілік сөйлеудің формасы мен мазмұнына қалай ықпал ететінін кеңірек түсінуге жол ашады. Жұмыста ұсынылған кешенді талдау моделі (концептілік, фразеологиялық, прагматикалық және визуалды аспектілерді қамтитын) басқа елдер мен тілдік жұптардың медиадискурсын зерттеуге қолданылуы мүмкін. Қазақ және ағылшын дискурсындағы концептілер мен риторикалық стратегиялар жөніндегі теориялық тұжырымдар лингвомәдениеттану ғылымының дамуына үлес қосады, өйткені бұл әдістер көпшілік коммуникацияның өзекті құбылыстарын зерделеуде де қолданылатынын көрсетеді.

**Практикалық маңыздылығы.** Жұмыс нәтижелерін практикалық тұрғыдан бірнеше салада қолдануға болады. Ең алдымен, білім беру саласында: зерттеу материалдары лингвомәдениеттану, аударматану бойынша арнайы курстар мен оқу құралдарын әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін. Қазақ және ағылшын тіліндегі сөздерді мәдениетті ескере отырып салыстырмалы талдау көптілді ортада жұмыс істейтін халықаралық қатынастар мамандарын, дипломаттарды, журналистерді даярлауда қолданылуы мүмкін. Жиналған сөз корпусын және анықталған жиілік бірліктерін қазіргі саяси коммуникацияның фразеологиясы мен жаңа реалиялардың терминологиясы бойынша екі тілді сөздіктер мен анықтамалықтар құрастыруда пайдалануға болады.

### **Зерттеу апробациясы.**

Зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Халықаралық Анталия ғылыми зерттеулер және инновациялық зерттеулер конгресінде (Анталия қаласы, 13-14 ақпан 2023жыл), «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XIX халықаралық ғылыми конференциясында (Ақтөбе қаласы, 12 сәуір 2023 жыл), «Түркі әлеміне жас көзқарас» (Türk Dünyasına Genç Bakışı) атты халықаралық симпозиумында (Анкара қаласы, 25-26 сәуір, 2024),

«Жастар, ғылым және инновация» атты ХХІ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Ақтөбе қаласы, 14 сәуір 2025 жыл) жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Пандемия мәнісіндегі саяси медиадискурстың мәдениетаралық қабылдану ерекшеліктерін саралау үшін GoogleForms виртуалды платформасын пайдаланып, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында квази-эксперимент жүргізілді. Эксперименттік стимул ретінде COVID-19 тақырыбына жасалған бірізді видеоинтервью пайдаланылды, онда АҚШ-тың 45-ші Президенті Дональд Трамп пен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың үнқатысуы параллель беріліп, риторикалық-манипулятивтік стратегиялар мен бейнелеу-тілдік құралдардың ықпалы бағаланды. Зерттеуге екі тәуелсіз іріктеме – қазақтілді (n = 50, жергілікті аудитория) және ағылшынтілді (n = 50, Гарвард университеті студенттері) қатысып, осылайша жалпы сынама көлемі 100 адамды құрады. Қатысушылар видео көрсетілімінен кейін құрылымданған сауалнама толтырып, эмоционалдық реңк, спикер сенімділігі, манипулятивтілік деңгейі және риторикалық тәсілдерді байқау секілді көрсеткіштер бойынша өз реакцияларын бағалаған, бұл мәліметтер бұдан әрі мәдениетаралық айырмашылықтарды айқындау және стратегия-аудитория өзара әрекетінің ықпалын модельдеу үшін статистикалық талдауға негіз болды.

#### **Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы:**

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 7 мақала жарық көрді, соның ішінде 1 мақала Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналда, 2 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 4 мақала халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланды.

*Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналда жарияланған мақала:*

1. Political Media Discourse in the Post-Truth Era: A Cross-Linguistic Analysis of Rhetorical Strategies in Kazakh and English// *International Journal of Society, Culture & Language*, 13(1), 289-307. Процентиль 86, Q1. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2025.2054162.3933>

*ҚР ҒҖЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:*

1. Factors influencing the formation of a regional media discourse // Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University. – 2024. 3(148) – 8-17 pp.

2. Медиадискурстардағы мәдени ерекшеліктердің көрінісі // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Хабаршысы. – 2025. - №2(77). -13-28 бб.

*Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:*

1. Ulusal medya söylemlerinde “medya metni” nin karakteri (Kazakça-İngilizce medya metin materyallerine dayalıdır) // Халықаралық Анталия ғылыми

зерттеулер және инновациялық зерттеулер конгресі, 13-14 ақпан, 2023. Түркия, Анталия. - 944-945 бб.

2. Лингвомәдени аспектідегі медиамәтіннің аудармада берілуі // «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің ХІХ халықаралық ғылыми конференциясы, 12 сәуір, 2023ж. ҚР, Ақтөбе. -9-12 бб.

3. Қазақ және түрік тілдеріндегі медиадискурс сипаты (қазақ және түрік тілдеріндегі мақал- мәтелдер негізінде) // «Түркі әлеміне жас көзқарас» (Türk Dünyasına Genç Bakışı) атты халықаралық симпозиумы, 25-26 сәуір, 2024. Түркия, Анкара. – 401-405 бб.

4. Қазіргі лингвистикалық парадигмадағы медиадискурс // «Жастар, ғылым және инновация» атты ХХІ халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясы, 14-15 сәуір, 2025ж. ҚР, Ақтөбе. – 169-172 бб.

**Жұмыстың құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Ғылыми зерттеудің жалпы көлемі 176 бетті құрайды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің **медиалингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, дискурсология** сияқты өзекті саласының даму бағыттарына және **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанында №724 бұйрықпен бекітілген.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

Масс-медиа туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 19 маусымындағы №93- VII ҚРЗ.

**Докторанттың ғылыми зерттеу бойынша әр жарияланымды дайындаудағы үлесі.** Диссертацияның барлық көлемін, зерттеу әдісін таңдауды және зерттеу мақсатына сай міндеттерді шешуді, зерттеу бойынша жарияланымдарды дайындауды автор өз бетінше орындады. Зерттеу

тақырыбына сай тапсырмалар беру мен алынған нәтижелерді талқылау ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жүргізілді.